



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Мемлекет жауапкершілігі. 2-бөлім





Мемлекет жауапкершілігін шақыру

Халықаралық құқық комиссиясының Мемлекеттің жауапкершілігі туралы 42-бабында айтылғандай, қандай да бір мемлекет бір мемлекетке қатысты немесе құрамында осы ел бар мемлекеттер тобына немесе жалпы халықаралық қауымдастық алдында өз міндеттерін орындамаса, сол ел жәбір көруші ретінде басқа мемлекетті жауапқа тарта алады. Мұндай кезде «өз міндеттерін орындамау» қандай да бір мемлекеттің басқа мемлекеттер алдындағы позициясын өзгертуге мәжбүр етіп, қосымша міндеттер тудыруы тиіс.

Малколм Шоудың айтуынша, егер жәбір көрген мемлекет шағым беруден ресми түрде бас тартса немесе үнсіз қалу арқылы шағым беру уақытын өткізіп жіберсе, мемлекетті жауапқа тарта алмайтынын ескерген жөн. Шағым беруден бас тарту нақты және анық болуға тиіс. Ал үнсіз келісімді әрбір нақты жағдайға байланысты байыппен бағалаған жөн. Егер қандай да бір құқыққа қайшы әрекет бірнеше мемлекетке зиянын тигізсе, әр мемлекет өз бетінше шағымдана алады, ал бірнеше мемлекет айыпты болса, әр мемлекетті жеке-жеке жауапқа тартуға болады.

БҰҰ-ның Халықаралық соты Barcelona Traction (Барселона Трэкшн) ісінде мемлекеттің белгілі бір мемлекет алдындағы міндетінен гөрі, тұтас халықаралық қауымдастық алдындағы міндеті жоғарырақ тұратынын айтқан. Халықаралық құқық комиссиясының 48-бабы осы қағидатқа негізделген. Егер қандай да бір мемлекет мемлекеттер тобының алдындағы немесе тұтастай халықаралық қауымдастық алдындағы міндеттемесін орындамаса, жәбір көрген мемлекеттен басқа да мемлекет сол айыпты мемлекетке қарсы шағым бере алады. Ондай кезде құқыққа қайшы әрекетті тоқтатуын, енді қайталамауын, сондай-ақ өтемақы төлеуін талап ете алады.

Халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттердің салдары. Тоқтатылуы.

Халықаралық құқық комиссиясының 30-бабына сүйене отырып, М. Шоу «халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекет жасаған мемлекет бұл әрекетін тоқтатуға міндетті. Ал егер ол жалғасса, дереу тоқтататыны туралы уәде етіп, енді қайталамауға кепілдік беруге тиіс» деп жазады.

Трибунал Rainbow Warrior ісінде құқыққа қайшы әрекеттің жалғасуы ұзаққа созылатын болса, оны тоқтату туралы талап қойылатынын және сол уақытқа дейінгі бұзылған нормалар үшін жауапты болып саналатынын мәлімдеген. Мысалы, La Grand (Ла Гранд) ісіне байланысты Германия енді қайталамау туралы кепілдік беру талабын қойып, мұны БҰҰ халықаралық соты қарады. Сот АҚШ-тың нақты міндеттемелерді жүзеге асыру бойынша атқарған шаралары ондай әрекетті енді қайталамауға кепілдік ретінде жеткілікті екенін, сондықтан Германияның бұл талабы қанағаттандырылғанын мәлімдеді. Десе де, Германияның нақты кепілдік беру туралы талабына сот «егер АҚШ кепілдік ретінде ұсынып отырған консулдық хабарлама беру туралы міндеттемесін орындамаса, онда бұл АҚШ Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясындағы құқық бұзушылық нормаларын ескеріп, Германия осы іс бойынша шыққан кез келген үкімді қайта қарауына рұқсат етуге міндетті болады» деп шешім қабылдады.

Репарация (Зиянды өтеу)

Репарация, яғни келтірілген зиянды өтеудің негізгі қағидатын Халықаралық тұрақ сот Chorzów Factory (Чорзо фабрикасы) туралы істі қараған кезде анықтады. Соттың пікірінше, «Құқыққа қайшы әрекетті нақты түсіну үшін қажетті негізгі қағидат – зиянды өтеу мүмкіндігінше құқыққа қайшы әрекеттің бүкіл салдарын жоюға тиіс». Бұл қағидат кейін бірнеше істе қолдау тапты. Атап айтқанда, Халықаралық сот қараған Gabcikovo–Nagymaros Project (Габчикков-Надьмарос) ісінде және Геноцид Конвенциясы ісінде, сондай-ақ Теңіз құқығы жөніндегі халықаралық трибунал қараған M/V Saiga (No. 2), яғни М.В. Сайга ісінде қолданылды.



Халықаралық құқық комиссиясының мемлекеттің жауапкершілігі туралы 31-бабында жауапты мемлекет өзі келтірген халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттің зиянын өтеуге тиіс екендігі және ондай зиянның қатарына сол әрекеттің негізінде туындаған материалдық және моральдық шығын да жататыны айтылған. Зиянды өтеу міндеті қай қырынан алсақ та халықаралық құқықпен реттеледі. 34-бапта халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекет арқылы келтірілген зиянды толық өтеу жеке-жеке реституция, өтемақы, сатисфакция сипатында немесе осылардың комбинациясы сипатында болуы мүмкін деп жазылған.

Реституция – репарацияның, яғни келтірілген зиянды өтеудің қисынды формасы. Өйткені бұл құқыққа қайшы әрекет орын алғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру мақсатында жасалады. Дегенмен реституция бұрын көп кездескен, қазір сирек. Оған осы күнгі халықаралық даулардың табиғатының өзгеруі әсер етті. Мысалы, қазіргі кезде көптеген даулар экспроприациямен байланысты. Ал, мемлекеттің көп ұлтты корпорацияларға экспроприацияланған мүлкін қайтару қиын шаруа. Бұл саладағы қиындықтарды мойындай отырып, 35-бапта реституцияны материалдық түрде орындау мүмкін еместігі және өтемақының орнына реституция алудың тиімсіз екені айтылған, сондықтан, «халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекетке барған мемлекет реституция жүргізуге, яғни заңсыз әрекетке дейінгі жағдайды қалпына келтіруге міндетті. Мысалы, Rainbow Warrior арбитражында Жаңа Зеландия Францияға қойған талаптар ішіндегі бастысы француз агенттерін Франциядан Тынық мұхиттағы түрмеге қайтару туралы болды. Алғашында бұған тараптар келісті. Жаңа Зеландия бұл талапты реституция ретінде қабылдады. Ал Франция «жауапкершілікті тоқтату» терминін қолдану қажет деп есептеді. Трибунал Францияның пікірін қолдадады. Трибунал көрсеткендей құқыққа қайшы әрекетті тоқтату репарация болып табылады. Бұл бастапқы жағдайға оралу немесе заңсыз әрекетті тоқтату. Дегенмен трибунал бұл іске қатысты шешім шығарарда бастапқы міндеттеменің мерзімі өтіп кетуіне байланысты заңсыз, құқыққа қайшы әрекетті тоқтатудың еш мәні болмады.

Зиянды өтеу, яғни тиісті деңгейде экспроприация мәселесі бірнеше істе талқыланған. Мысалы, Трибунал ВР ісінде мынадай мәлімдеме жасады: «нақты іс-әрекет, оның ішінде *restitutio in integrum* құқыққа қайшы әрекеттен жәбір көрген халықаралық жария құқықтың тараптары үшін қолжетімді құралы болып табылады деуге жеткілікті негіз жоқ... Құқыққа қайшы әрекет жасаған тарап шартты бұзғаны үшін жауапкершілік ретінде келтірген зиянын өтеуге тиіс... Ал, *restitutio in integrum* (реституция) тұжырымына келсек, ол тек келтірген зиянды дұрыс есептеу үшін қолданылады». Дегенмен осыған ұқсас сипатта Ливияның мұнай концессиясын мемлекет меншігіне алуға байланысты қаралған Техасо (Тексако) ісінде заттай реституцияға халықаралық құқықта (тіпті Ливия құқығында) «шартта аталған міндеттемелерін орындамағаны үшін жасалатын санкция түрі, бірақ оны *status quo ante* немесе бастапқы қалпына келтіру үшін қолдану мүмкін емес» деп анықтама берген.

Осы жерде түсіндіре кетейік, *status quo ante bellum* деген – латын термині, «бұрынғы, көбінесе, соғысқа дейінгі жағдай» деген мағынаны береді. Бұған саяси термин ретіндегі көзқараспен қарайтын болсақ, халықаралық келісімшарт туралы істерде оны қолдану мемлекет үшін қиынға соғады, себебі егемендікке нұқсан келтіреді. М. Шоудың пікірінше, мемлекет реституцияға жүгініп шешімді қабылдаудан бас тартса, қандай қиындық туатынын болжамай-ақ білуге болады.

Венгрия мен Словакия арасындағы Gabc'ıkovo–Nagymaros Project (Габчиково-Надьямарос жобасы) ісінде Халықаралық сот «жәбір көрген мемлекеттің құқыққа қайшы әрекет жасаған мемлекеттен келтірген зиян үшін өтемақы алу құқығы – халықаралық құқықтың қалыптасқан нормасы» деп мәлімдеді. Себебі халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттің кесірінен келтірілген зиянды реституция арқылы өтеу мүмкін емес. Сондықтан жауапты мемлекет толыққанды өтемақы беруге тиіс. Төленетін өтемақы қаржылай түрде есептелетін зиянды жабады. Оның ішінде алатын пайдасынан айырылғаны да ескеріледі. Пайдасынан айырылу, мысалы, пайда әкеліп отырған мүлкін пайдалануға немесе иеленуге кедергі келтірілсе немесе оны заңсыз алып қойса, келешекте түсетін пайдасынан айырса, онда айырылған пайданы өтеу талап етіледі.

Ақшалай емес компенсация, ресми кешірім сұрау, кінәлі тұлғаларды жазалау, заңсыз әрекет орын алғандығын ресми мойындау сатисфакция болып табылады. Rainbow Warrior ісінде Трибунал сатисфакцияны бұрыннан қалыптасқан практика деп мойындаған. Халықаралық



Соттар оны көбіне халықаралық міндеттеме бұзылған кезде құқық қорғау құралы ретінде қолданады. Аталған істе Трибунал Францияны Жаңа Зеландияға қатысты шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жария түрде кешірім сұрау жөнінде шешім шығарды. Бұл Жаңа Зеландия үшін лайықты сатисфакция болды.

Императивті (Jus Cogens) нормаларын бұзу салдары

1996 жылғы Халықаралық Құқық комиссиясы баптарының жобасында халықаралық қылмыс пен халықаралық деликт арасындағы айырмашылық туралы айтылған еді. Осыған сәйкес, егер мемлекет халықаралық заңсыз әрекет жасап, өзінің халықаралық қоғамдастықтың маңызды мүдделеріне қатысты міндеттемелерін орындамаса, әлемдік қауымдастық бұл әрекетті қылмыспен тең деп тануы мүмкін. Ал бұдан басқа халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттер халықаралық деликт қана деп саналады. Халықаралық қылмыстарға, өткен сабақтарда талай мәрте айтқанымыздай, агрессия, отарлық үстемдікті күшпен ұстап тұру, құлдық, геноцид, апартеид немесе ауа мен су ресурстарын жаппай ластау секілді жантүршігерлік қылмыстар кіреді.

Мемлекеттер халықаралық құқықтың императивті нормаларының міндеттемелерін бұзуды тоқтату үшін барлық заң аясындағы әрекеттер жасап, ынтымақтастық орнатуға міндетті. Кез келген императивті (Jus Cogens) норманы бұзуға жол берілсе, бірде бір мемлекет оны заңды деп тани алмайды.

Дипломатиялық қорғау

Дипломатиялық қорғау бастапқы кезде мемлекеттің шетелдік азаматтарды бақылауы ретінде қалыптасты. Халықаралық Соттың пайымды пікіріне сүйенсек, соңғы жылдардағы халықаралық құқықтың дамуына орай ерте уақытта шетелдік азаматтарды бақылаудың ең төменгі минимум стандарттарымен шектелген дипломатиялық қорғаудың аясы әлдеқайда кеңейіп, оның қорғаныш қанатының астына халықаралық кепіл берілген адам құқығын қорғау да енді. Құқық тілімен түсіндірер болсақ, «Дипломатиялық қорғау – қандай да бір мемлекеттің басқа мемлекетті халықаралық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан шетелдік азаматтарға, жеке және заңды тұлғаға келтірген зияны үшін дипломатиялық шаралар мен басқа да бейбіт жолмен реттеу құралдары арқылы жауапкершілікке шақыру әрекеті».

Мемлекет өз азаматтарын қорғауға міндетті. Осы міндетін мінсіз жүзеге асыру үшін олардың (азаматтарының) басқа мемлекетке қоятын талаптарын қолдауы мүмкін. Дипломатиялық қорғауға кең мағынадағы консулдық әрекеттер, келіссөздер, медиация, сот пен арбитраж процесі, репрессалия (қарсы шара), дипломатиялық қатынасты тоқтату, экономикалық қысым шараларын қолдану жатады. Егер азаматтар өз елінің үкіметінен дипломатиялық қорғауды сұраса, үкімет сол өтінішті тез арада қарауға міндетті. Егер мемлекет дипломатиялық қорғауға сай әрекет етсе, бұл мемлекет іс-әрекетіне айналады. Мұның шығу тарихы халықаралық құқықтың өзге мемлекетке қарсы жеке тұлғалардан талап арыздың қабылданбауымен байланысты.

Мемлекет өз атынан халықаралық трибунал алдында іс қозғаса, трибунал үшін мемлекет талапкер болып саналады. Бұл ретте мемлекет бұндай талап-арызды өз азаматтарынан қабылдап, олардың атынан әрекет ете алатынын ескерген жөн. Бірақ, құқықтың дамуына байланысты мемлекеттерге өздерінің азаматы болып табылмайтын адамдардан, айналысқан өз территориясындағы босқыннан сондай талап-арыз қабылдауына ерік беру ұсынылған. Дегенмен мемлекет бұндай адамдарға қатысты дипломатиялық қорғауға міндетті емес және тек өз шешімі бойынша ғана ондай талап-арызды бере алады.



Құқықтық қорғаудың ішкі тәсілдерінің таусылуы

Халықаралық әдет-ғұрып құқығында халықаралық шағымдарды қарау үшін алдымен мемлекеттің муниципалдық құқық қорғау құралдары түгел қолданылу қажеттігі көзделген. Бұл ретте негізгі талап па, әлде процессуалдық талап па деген сұрақ туады. Дегенмен бұл талаптың мақсаты – мемлекетке өзі жіберген қателігін өз бетінше түзетуге мүмкіндік беру және халықаралық деңгейде қарастырылатын істердің санын азайту. Бұл орайдағы тағы бір маңызды фактор – шетелдік мемлекеттің егемендігі мен юрисдикциясын құрметтеу, яғни оның ішкі құқық жүйесіне орынсыз араласпау.

Халықаралық құқық комиссиясы атап өткендей, мемлекеттің ішкі құқық қорғау құралдары толық қолдану талабын қойған кезде, қандай да бір муниципалдық құқық қорғау құралының болуына байланысты сол әдісті пайдаланып, мемлекетті жауапқа тарту туралы талап-арыз қайтарылуы тиіс.

Дипломатиялық қорғау кезінде мемлекет өз азаматын халықаралық трибунал алдында қорғау үшін ішкі, яғни муниципалдық құқық қорғау құралдарын (амалдарын) толық пайдалануға кірісе алады. Себебі мынадай жағдайларда муниципалдық құқық қорғау амалдарын сарқа пайдалануға талап қойылмайды: Біріншіден, ішкі құқықтық жүйеде сот арқылы қорғаудың қолжетімді амалдарының болмауы; екіншіден, муниципалдық, яғни мемлекет соттарының қисынды шешім табу жолын ұсынуға қабілетсіздігі, үшіншіден, істі муниципалдық сотта қарау барысында негізсіз кедергілер мен кідірістердің болуы; төртіншіден, жәбірленушінің сот органдарына шағымдануына бөгет жасау; бесіншіден, мемлекеттің муниципалдық құқық қорғау амалдарын сарқа пайдалану туралы талапты қоймауы.

Шетелдік тұлғаларға қарау стандарттары

Батыстың дамыған мемлекеттері шетелдік азаматтармен арақатынас туралы бірнеше жылдан бері әртүрлі пікір айтып келеді. Кейбір елдер «халықаралық деңгейдегі минимал стандарттарын» енгізуді ұсынады. Мемлекеттің өз азаматымен арақатынасы қандай деңгейде екеніне қарамастан, бұл стандарттар қатаң сақталуға тиіс. Кейбір мемлекеттер шетелдіктермен арақатынасы мемлекеттің өз азаматымен арақатынасына тең болуы керек деген көзқарасты ұстанады. Мысалы, Латын Америкасы мемлекеттері «халықаралық минимал стандарттар» мемлекеттің ішкі ісіне араласуға себеп болып отыр деп есептейді. Осыған орай аргентиналық тарихшы, дипломат К. Кальвоның доктринасы қабылданды. Бұл доктринаға сәйкес, аталған елдің үкіметі шетелдіктерге елдің аумағындағы тәртіпсіздік пен азаматтық соғыс кесірінен келтірілген шығынға жауапкершілік жүктемейді. Бұл ретте басқа мемлекеттер бұл елдің ішкі ісіне араласып, одан келтірілген зардапты өтеуді талап ете алмайды. Бұл доктринаға сәйкес, зардап шеккен шетел азаматтары осы елдің сотына талап-арыз түсіргені дұрыс. Сот осы елдің муниципалдық, ішкі құқық қорғау амалдары арқылы оның қорғауын қамтамасыз етеді. Дегенмен ІХХ ғасырдағы прецеденттер халықаралық стандарттарды әлдеқайда дамытты. Мысалы, Neer ісінде Мексика шахтасында АҚШ инспекторының мерт болу оқиғасы қаралды. Бұл істе комиссия «мемлекеттің іс-әрекеті дұрыс екенін халықаралық стандарттарға сәйкес анықтау қажет» деген шешім қабылдаған. Ал Certain German Interests in Polish Upper Silesia (Польшаның Жоғарғы Силезиясындағы немістердің мүддесі деп аталатын) істе сот халықаралық құқықта мемлекеттің шетелдіктермен арақатынасын реттейтін жалпыға бірдей норма бар екенін айтқан. Тағы да сол Neer ісінде комиссия мемлекеттің іс-әрекетінен халықаралық сипаттағы құқықбұзушылықты анықтаудың шегі тым әріде деп атап өтті. Нақтырақ айтсақ, «Үкіметтің халықаралық стандарттар бойынша белгіленген міндеттерін орындамауын халықаралық қылмыс деп тану үшін мемлекет әрекеті өрескел қателік, қасақана қарекет, өз міндетіне шалашарпы қарау деп бағалануы тиіс. Егер кез келген саналы, әділ адам ол әрекеттерді мойындаса, халықаралық стандарттардың әлгі әрекеттерден әлдеқайда биік тұрғаны белгілі болады. Басқаша айтқанда, минимал стандарттарды орындауға жоғары талап қойылады.



Кейбір ғалымдар бұл тұжырымның қандай да бір стандарты ешқашан болған емес дейді. Олардың айтуынша, халықаралық минимал стандарттар тек «дауды шешу процесінен» туындайды, яғни шетелдік азаматқа зиян келтірілген нақты жағдайдағы мемлекеттің жауапкершілігін қарастыру барысында анықталады. Дегенмен халықаралық стандарттар шетелдік азаматтарға әділ үкім шығаруға мүмкіндік бермеумен байланыстырылады. Айталық, егер адам заңсыз ұсталып, қамақта аяусыз жәбір көріп және заңға қайшы әрекеттерге душар болса, бұл халықаралық стандарт қарекетке кереғар саналады. Шетел азаматына қатысты істе азаматтық немесе қылмыстық істі дұрыс ұйымдастырмау стандарттың тиімсіздігін білдіреді.

Мексикада АҚШ азаматы мерт болған оқиға қаралған Janes ісінде көрінгендей, айыпталушыны ұстамау немесе тергеу амалдарының дұрыс жүргізілмеуі стандарттың осал тұстарының бірі. Бұл істе қылмыскер анықталғанына қарамастан, мемлекет сегіз жыл бойы ешқандай әрекет болмады. Ақырында, қылмыскерді ұстамағаны және дер кезінде жазаламағаны үшін марқұмның жесіріне 12 000 доллар өтемақы төленген.

Сұрақтар

1. Қалай ойлайсыз, М. Шоу неліктен өз кітабында «мемлекетті жауапқа тарту» деген сөздің орнына «мемлекетті жауапкершілікке шақыру» деген сөз тіркесін қолданады?
2. Репарацияның реституциядан айырмашылығы неде?
3. Халықаралық құқықта ішкі, муниципалдық құқық қорғау амалдарын сарқа пайдалану нормасы не үшін бекітілген?

Әдебиеттер

1. I.Brownlie, System of the Law of Nations: State Responsibility, Part I, Oxford, 1983
2. J.Crawford, The International Law Commission's Articles on State Responsibility, Cambridge, 2002.
3. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 7.4.